

"АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ" МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯСЫ  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ СОЛТҮСТІК  
ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙынША ФИДИАЛЫ ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАСЫНЫҢ  
ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЖЕР КАДАСТРЫ БӨЛІМІ  
20 22 ж. " 04 " қараша  
ЖАРҒЫҒЫ ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН  
ТОЛЫҚТЫРУЛАР ТІРКЕЛДІ  
БСН 10140002963  
2011 ж. " 11 " қаңтар



Приложение к  
постановлению акимата  
Северо-Казакстанской области  
от «07» октября 2022 года № 223

Утвержден  
постановлением акимата  
Северо-Казакстанской области  
от «04» сентября 2018 года № 254

**УСТАВ**  
акционерного общества  
«Социально-предпринимательская корпорация «Солтүстік»

г. Петропавловск, 2022 год

## Жалпы ережелер

1. Осы Жарғы «Солтүстік» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі — Қоғам) құқықтық мәртебесін, мақсаттарын, міндеттері мен түрлерін, өкілеттіктері мен қызметінің негізгі қағидаттарын айқындайды.

2. Қоғамның толық атауы:

мемлекеттік тілде: «Солтүстік» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы);

орыс тілінде: Акционерное общество «Социально-предпринимательская корпорация «Солтүстік».

3. Қысқаша атауы:

мемлекеттік тілде: «Солтүстік» ӘКК» АҚ;

орыс тілінде: АО «СПК «Солтүстік».

4. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: 150008, Қазақстан Республикасы Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы Нұрсұлтан Назарбаев көшесі, 69.

5. Қоғамның қызмет ету мерзімі – шектелмеген.

6. Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі атынан «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің қаржы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қоғамның жалғыз акционері болып табылады.

7. Осы Жарғы Қоғамның құрылтай құжаты болып табылады.

### 1. Қоғамның заңды мәртебесі

8. Қоғам «Тобыл» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамын екі акционерлік қоғамға бөлу жолымен қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылды.

Қоғам бөлу балансына сәйкес «Тобыл» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының құқықтары мен міндеттерінің құқықтық мирасқоры болып табылады.

9. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады және өзінің қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңна және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Жарғыға (бұдан әрі – Жарғы), Қоғамның корпоративтік басқару кодексіне сәйкес жүзеге асырады.

10. Қоғамның дербес балансы, банктік шоттары болады, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иемденіп, жүзеге асыра алады, міндеттер атқарады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

11. Қоғамның мемлекеттік тілде толық атауы көрсетілген мөрі, өз атауы жазылған фирмалық бланкілері және өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өзге де деректемелері болады.

12. Қоғамның өз логотипі, тауар белгісі және үлгілерін Қоғам Басқармасы бекітетін және белгіленген тәртіппен тіркелетін өзге де рәміздері болуы мүмкін.

13. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер мен акционерлік қоғамдардың ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға, филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

### 2. Қоғам мен Жалғыз акционердің жауапкершілігі

14. Қоғамның өзінің жалғыз акционерінің мүлкінен оқшауланған мүлкі болады және

оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

15. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауапкершілік тартады.

16. Жалғыз акционер қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде қоғамның қызметіне байланысты залалдар тәуекелін көтереді.

17. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сонымен бірдей мемлекет оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

### **3. Қоғам қызметінің негізгі мақсаттары, міндеттері, түрлері мен қағидаттары**

18. Қоғамның негізгі мақсаты мемлекеттік және жеке секторларды шоғырландыру, кластерлік тәсіл негізінде бірыңғай экономикалық нарықты құру, инвестициялар мен инновацияларды тарту үшін қолайлы экономикалық ортаны қалыптастыру, өңірдің әлеуметтік дамуына бағытталған бағдарламаларды әзірлеуге және оларды іске асыруға қатысу арқылы Солтүстік Қазақстан облысының экономикалық дамуына жәрдемдесу, бизнес-бастамаларды қолдау және өңірдің даму кезеңінде экономикалық белсенділікті ынталандыру болып табылады.

19. Қоғамның негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) әлеуметтік-экономикалық дамудың орта мерзімді жоспарлары, өңірдің индустриялық-инновациялық дамуы мен аумақтық даму стратегиялары ережелерінің негізінде мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуді қамтамасыз ету;

2) мемлекеттік активтерді басқарудың тиімді жүйесін құру;

3) өңірлерде бизнестің әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын енгізу;

4) мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде бәсекеге қабілетті, экспортқа бағдарланған өндірістер құру;

5) инвестициялар тарту және инновациялар енгізу үшін қолайлы ортаны қалыптастыру;

6) бизнес-жобаларды, оның ішінде концессиялар және кластерлік бастама негізінде іске асыру;

7) шағын және орта бизнесті дамыту үшін институционалдық жағдайлар жасау;

8) ішкі және сыртқы нарықтарда өңірдің экономикалық имиджін жылжыту;

9) кластерлік өндірісті дамыту және жаңа технологияларды енгізу жолымен шағын және орта кәсіпкерліктің өнімділігін арттыру;

10) корпоративтік басқаруды жетілдіру жолымен Қоғамның бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

11) Солтүстік Қазақстан облысы экономикасының басым секторларындағы (даму кезеңінде) бәсекеге қабілетті өндірістерді қаржыландыру және/немесе жаңаларын құру және қолданыстағыларын жаңғырту;

12) болашағы бар жобаларды, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік қағидаттарында іске асыру үшін Солтүстік Қазақстан облысына отандық және шетелдік инвесторларды тарту;

13) инвесторларға активтермен қатысу арқылы жобаларды іске асыруға жәрдем көрсету, сондай-ақ мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде қаржыландырылу.

20. Қоғам қызметінің негізгі түрлері мыналар болып табылады:

1) Өзге көліктік-экспедиторлық қызмет (ЭҚЖЖ 52299);

2) Холдинг компанияларының қызметі (ЭҚЖЖ 64200);

3) Коммерциялық қызмет және басқару мәселелері жөнінде кеңес беру (ЭҚЖЖ 70221);

4) Экономикалық қызметті тиімді енгізуді реттеу және оған ықпал ету (ЭҚЖЖ 84130);

5) Коммерциялық және кәсіпкерлік ұйымдар қызметі (ЭҚЖЖ 94110).

Мемлекеттік лицензиялауға жататын қызмет тиісті лицензия болған кезде Қоғаммен жүзеге асырылады.

#### 4. Қоғамның мүлкі мен капиталы

21. Қоғамның мүлкі мыналар есебінен қалыптастырылады:
- 1) жалғыз акционер Қоғамның акцияларын төлеуге берген мүлік;
  - 2) оның қызметі нәтижесінде алынған кірістер;
  - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған негіздер бойынша сатып алынатын өзге де мүлік.
22. Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайту Қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

#### 5. Қоғамның бағалы қағаздары

23. Қоғам жай акциялар шығарады. Жай акция оны иеленетін әрбір акционерге жай акциялардың басқа иелерімен бірдей құқықтар көлемін береді. Қоғам басқа да бағалы қағаздар шығаруға құқылы, оларды шығару, орналастыру, айналысқа шығару және өтеу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарында белгіленеді.

24. Акциялар құжаттамасыз нысанда шығарылады.

Акция бөлінбейді. Егер акция ортақ меншік құқығымен бірнеше тұлғаға тиесілі болса, олардың барлығы бір акционер деп танылады және өзінің жалпы өкілі арқылы акциямен куәландырылған құқықтарды пайдаланады.

25. Қоғам акцияларын орналастыру (сату) туралы, оның ішінде жарияланған акциялар көлемі шегінде орналастырылатын (сатылатын) акцияларының көлемі, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы шешім Қоғамның Директорлар кеңесімен қабылданады.

Қоғам өз акцияларын олардың шығарылымы мемлекеттік тіркелгеннен кейін орналастырады.

26. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның орналастырылатын акцияларына ақы төлеуге ақша, мүліктік құқықтар (оның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтар) және өзге де мүлік енгізілуі мүмкін.

Ақшадан басқа өзге мүлікпен (бағалы қағаздарды қоспағанда) ақы төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген лицензия негізінде әрекет ететін бағалаушы айқындайтын баға бойынша жүзеге асырылады.

Егер қоғамның орналастырылатын акцияларына ақы төлеуге мүлікті пайдалану құқығы енгізілсе, мұндай құқықты бағалау осы мүлікті пайдаланғаны үшін төленетін ақының мөлшері негізге алына отырып, қоғамның оны пайдаланған бүкіл мерзіміне жүргізіледі.

27. Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесін жүргізу Қоғамның тіркеушісі онымен жасалған шарт негізінде жүзеге асырады.

Қоғам сатып алған меншікті акциялар туралы мәліметтер бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесіне міндетті түрде енгізілуге тиіс.

Акционерлердің қол қойылған және толық төленген акцияларға құқықтарын растайтын құжаттар ретінде акцияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінен үзінділер танылады.

28. Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін қалыптастыруды, жүргізуді және сақтауды қоғамның тәуелсіз тіркеушісі жүзеге асырады, ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның және оның үлестес тұлғаларының үлестес тұлғасы болмауға тиіс.

29. Қоғам өзі орналастырған акцияларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда ғана кепілге қабылдайды.

30. Қоғамның акцияларын кепілге салу құқығын осы Жарғының ережелерімен шектеуге немесе алып тастауға болмайды.

31. Қоғам орналастырылатын бағалы қағаздарды сатып алу туралы Жалғыз

акционерді жазбаша хабардар етеді.

## 7. Қоғамның қаржыландырылуы және кірістері

32. Қоғамның таза табысы Жалғыз Акционердің шешімімен айқындалған тәртіппен, оның ішінде дивидендтерді төлеуге бөлінеді.

33. Қоғам акционерлеріне дивидендтер төлеу жылына бір рет жүргізіледі. Жылдың қорытындылары бойынша дивидендтер есептеу және төлеу туралы шешімдер Жалғыз акционермен қабылданады. Дивидендтер Жалғыз акционер оларды төлеу туралы шешім қабылдаған кезден бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей төленеді.

Қоғамның дивидендтерді төлеуі ақшамен жүргізіледі (ұлттық валютада).

Дивидендтер тек төленген акцияларға есептеледі.

34. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұл шешім бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға тиіс.

35. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімде мынадай мәліметтер болуға тиіс:

- 1) Қоғамның атауы, орналасқан жері, банктік және өзге деректемелері;
- 2) дивидендтер төленетін кезең;
- 3) бір жай акцияға шаққандағы дивидендтің мөлшері;
- 4) дивиденд төлеу басталатын күн;
- 5) дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны.

36. Жалғыз акционер қоғам берешегінің пайда болу мерзіміне қарамастан алынбаған дивидендтерді төлеуді талап етуге құқылы.

Дивидендтер оларды төлеу үшін белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда, жалғыз акционерге дивидендтердің негізгі сомасы және ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми ставкасын негізге ала отырып есептелетін өсімпұл төленеді.

37. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер есептеуге жол берілмейді:

- 1) өз капиталының теріс мөлшері кезінде немесе егер қоғамның өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;
- 2) Егер Қоғам Қазақстан Республикасының Банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе не көрсетілген белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса, дивидендтер төлеуге құқылы емес.

## 8. Қоғам органдары

38. Қоғамның органдары:

- 1) жоғарғы орган – Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Басқарма;
- 4) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыратын орган –

Ішкі аудит қызметі.

## 9. Жалғыз акционер

39. Қазақстан Республикасының заңдарымен және (немесе) Қоғамның Жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді жалғыз акционер қабылдайды және олар жазбаша түрде ресімделуге жатады.

40. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу, оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) корпоративтік басқару кодексін бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- 3) қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) Қоғамның атауын өзгерту;
- 5) жарғылық капиталдың мөлшерін өзгерту;
- 6) Қоғамның даму стратегиясын бекіту;
- 7) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 8) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;
- 9) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру арқылы қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 10) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің Мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау;
- 11) Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның өзге де органдарының кез келген шешімінің күшін жою;
- 12) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау;
- 13) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
- 14) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және қоғамның бір жай акциясына есептегенде жыл қорытындысы бойынша дивиденд мөлшерін бекіту;
- 15) осы Жарғының 37-тармағында көзделген жағдайлар басталған кезде қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;
- 16) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- 17) Қоғам акцияларды ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесін бекіту және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес оған өзгерістер енгізу болып табылады;
- 18) Жалғыз акционерге Қоғамның қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау;
- 19) қоғамның ішкі құжаттарын дайындау, ресімдеу, қабылдау, қолданысқа енгізу, өзгерту мен толықтыру тәртібін, сондай-ақ олардың тізбесін бекіту;
- 20) шешім қабылдау заңдармен және осы Жарғымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

41. Шешімдер қабылдауы Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоғамның өзге де органдарының, лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

## 10. Жалғыз акционердің құқықтары мен міндеттері

42. Жалғыз акционердің құқықтары:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға құқылы;
- 2) дивидендтер алуға;
- 3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Қоғамның жарғысында айқындалған тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;
- 4) қоғамның тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;
- 5) Қоғамның органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау айтуға;
- 6) «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан

Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 63 және 74-баптарында көзделген жағдайларда, қоғамның лауазымды адамдарының келтірген залалдарды қоғамға өтеуі және ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу туралы шешімдер (жасасуға ұсыныстар) қабылдау нәтижесінде алынған пайданы (табысты) қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының қоғамға қайтаруы туралы мәселені шығару туралы талаппен өзінің атынан сот органдарына жүгінуге;

7) Қоғам таратылған кезде мүлікке;

8) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және қоғамға сұрау салу келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

9) заңнамалық актілерде көзделген жағдайларды қоспағанда, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңында (бұдан әрі – Заң) белгіленген тәртіппен Қоғамның акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға;

10) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

11) Директорлар кеңесіне Заңға сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізуді ұсынуға;

12) аудиторлық ұйымның өз есебінен қоғам аудитін жүргізуін талап етуге;

13) Заңда көзделген тәртіппен Қоғам акцияларының санын өзгерту немесе олардың түрін өзгерту туралы шешімдер қабылдауға;

14) Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның өзге де органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

43. Жалғыз акционердің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да құқықтары болуы мүмкін.

44. Қоғамның Жалғыз акционері:

1) акцияларды төлеуге;

2) осы акционерге тиесілі акцияларды тіркеушіге және нақтылы ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы күнтізбелік он күн ішінде хабарлауға;

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеуге міндетті.

45. Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді орындайды.

## 11. Директорлар кеңесі

46. Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қоғам қызметіне жалпы басшылықты Қоғамның Директорлар кеңесі жүзеге асырады.

47. Директорлар кеңесінің сандық құрамы, өкілеттік мерзімдері, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақылар төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау Жалғыз акционердің шешімдерімен белгіленеді.

48. Қоғам Басқармасының Төрағасынан басқа мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Қоғамның Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

49. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері мен Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің құрамына сайлана алмайды.

50. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны үштен кем болмауға тиіс.

Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

Директорлар кеңесін өткізуге арналған Кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының елу және одан да көп пайызын құрайды.

51. Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны кворумға жету үшін

жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін Жалғыз акционерге жүгінуге міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін Жалғыз акционерге жүгінуге туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

52. Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау;
- 2) Қоғамның даму жоспары мен бюджетін бекіту;
- 3) жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- 6) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау;
- 7) Басқарма мүшелерінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімдерін айқындау, оның төрағасы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 8) Басқарма мүшелеріне лауазымдық айлықақылар мөлшерін және еңбекақы мен сыйлықақы төлеу шарттарын айқындау;
- 9) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы берудің мөлшері мен шарттарын айқындау;
- 10) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;
- 11) аудиторлық ұйымды алдын ала бекіту;
- 12) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміленің нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
- 13) тізбесін Жалғыз акционер бекітетін қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту;
- 14) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты айқындау;
- 15) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы Ережелерді бекіту;
- 16) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын сатып алуы туралы шешім қабылдау;
- 17) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 18) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;
- 19) бұрынғы тіркеушімен шарт бұзылған жағдайда Қоғамның тіркеушісін таңдау;
- 20) Жалғыз акционердің қарауына мәселелерді шығару;
- 21) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін бекіту;
- 22) Қоғамның штаттық кестесін және ұйымдық құрылымын бекіту;
- 23) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қатысушылардың жалпы жиналыстарының құзыретіне жататын еншілес тәуелді ұйымдар қызметі мәселелерінің тізбесін, олар бойынша шешімдерді Қоғам Басқармасы немесе Басқарма Төрағасы қабылдайды (Қоғамның Жалғыз акционері және директорлар кеңесі қабылдайтын мәселелер бойынша шешімдерді қоспағанда), сондай-ақ осындай шешімдерді қабылдау тәртібін



айқындау;

24) Қоғамның директорлар Кеңесі белгілеген тәртіппен Қоғамның даму стратегиясының негізгі көрсеткіштерінің орындалуын бағалау;

25) жылдық бюджетті және қоғам қызметін жоспарлау жөніндегі өзге де құжаттарды, сондай-ақ олар бойынша есептердің тәртібі мен мерзімін бекіту;

26) Қоғамның даму стратегиясын орындау жөніндегі жобаны бекіту не есепті пысықтау үшін атқарушы органға он бес жұмыс күні ішінде қайтару.

Ескертулер болған кезде атқарушы орган даму стратегиясының орындалуы жөніндегі есептің жобасын Қоғамның Директорлар кеңесі айқындаған, бірақ ескертулерді алған кезден бастап он бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде пысықтайды және оны Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына қайта ұсынады.

Қоғамның даму стратегиясының орындалуы жөніндегі есептің жобасын бекіту мерзімі Директорлар кеңесінің шешімі негізінде осы тармақта белгіленген мерзімнен он жұмыс күнінен аспайтын кезеңге ұзартылуы мүмкін;

27) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғысында көзделген, Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

53. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие.

54. Директорлар кеңесінің шешімдері директорлар кеңесінің отырысқа қатысқан мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар саны тең болған кезде директорлар кеңесі төрағасының немесе директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші адамның даусы шешуші дауыс болып табылады.

55. Келесі тұлғалар Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды:

1) жоғары білімі жоқ;

2) заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған сотталғандығы бар адамдар;

3) бұрын банкрот деп танылғанға немесе консервацияланғанға, санацияға, мәжбүрлеп таратылғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде осы тұлғаның Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (Басқарма төрағасы), басшының орынбасары, бас бухгалтері болған. Бұл шектеу банкроттық, консервациялау, санациялау, мәжбүрлеп тарату туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл бойы қолданылады.

56. Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) Жалғыз акционердің өкілдері – жеке тұлғалар;

2) Директорлар кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыным берілген) адамдар;

3) басқа тұлғалар (Жарғының 55-тармағында белгіленген шектеуді ескере отырып) есебінен сайланады.

57. Жалғыз акционердің өкілі болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне акционерлердің мүдделерінің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған (ұсынылмаған) жеке тұлға Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлануы мүмкін. Мұндай адамдардың саны Директорлар кеңесі құрамының елу пайызынан аспауы тиіс.

58. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған адаммен жасалған шартқа Қоғам атынан Басқарма төрағасы не оған Жалғыз Акционердің шешімімен уәкілеттік берілген адам қол қояды. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған және мемлекеттік қызметші болып табылатын тұлғамен шарт жасалмайды.

59. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар шексіз рет қайта сайлана алады.

60. Жалғыз акционер директорлар Кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату директорлар кеңесін жазбаша хабардар ету негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Жалғыз акционер шешім қабылдаған кезден бастап тоқтатылады.

61. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін тағайындау Жалғыз Акционердің шешімімен жүзеге асырылады, бұл ретте Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі

тұтас алғанда Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің өтуімен бір мезгілде аяқталады.

62. Директорлар кеңесінің Төрағасы Жалғыз акционердің шешімімен тағайындалады.

63. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді, отырыстарды жүргізеді және хаттамаға қол қояды, Жалғыз акционердің шешіміне сәйкес Басқарма Төрағасының лауазымдық жалақысының мөлшерін белгілей отырып, Қоғам атынан Басқарма Төрағасымен еңбек шартын жасасады.

64. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

65. Директорлар Кеңесінің төрағасы мен мүшелері:

1) Қоғамның Жарғысында көзделген тәртіппен Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға;

2) өз отырыстарында директорлар кеңесін қызықтыратын мәселелер бойынша Қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлерін тыңдай отырып, Қоғамның лауазымды адамдарынан және қажет болған жағдайларда кез келген ақпаратты алуға құқылы.

66. Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелері:

1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындауға және қоғам мен оның акционерлерінің мүдделерін неғұрлым жоғары дәрежеде көрсететін тәсілдерді пайдалануға;

2) Қоғамның мүлкін пайдаланбауға және оны қоғамның жарғысына және Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы пайдалануға жол бермеуге, сондай-ақ жеке мақсаттар үшін және өзінің үлестес тұлғаларымен мәмілелер жасау кезінде өз жағдайын теріс пайдаланбауға;

3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің тұтастығын қамтамасыз етуге;

4) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Қоғамның қызметі туралы ақпараттың ашылуын және берілуін бақылауға;

5) коммерциялық құпияны, Қоғам қызметінің мәселелері бойынша ақпараттың құпиялылығын жария етпеу туралы заңнаманың талаптарын сақтауға;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғысында көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

67. Директорлар кеңесінің мүшелері қоғамға өздерінің кінәлі әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) келтірілген залалдар үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Қоғам алдында жауапты болады. Бұл ретте қоғамға залал келтіруге әкеп соққан шешімге қарсы дауыс берген немесе дауыс беруге қатыспаған Директорлар кеңесінің мүшелері жауапты болмайды.

68. Директорлар кеңесінің мүшесі өз міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін Директорлар кеңесінің төрағасы Жалғыз акционерге Директорлар Кеңесінің тиісті мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтініш жасауға құқылы.

69. Директорлар кеңесінің жекелеген мәселелерді тиімді қарауы мақсатында Директорлар кеңесі мамандандырылған комитеттер құра алады. Директорлар кеңесі комитеттерін құру кезінде барынша ашықтық пен есептілік мақсатында олардың өкілеттіктері, құрамы мен жұмыс рәсімдері Директорлар кеңесі бекітетін қоғамның ішкі құжаттарында егжей-тегжейлі айқындалуға және ашылуға тиіс.

70. Қоғам Басқармасының төрағасы Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

71. Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру тәртібі мен олардың функциялары, сондай-ақ олардың сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін ережелерде белгіленеді.

72. Директорлар кеңесінің қызметін қамтамасыз ету Қоғам басқармасына жүктеледі.

73. Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелерінің өздерінің қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты шығыстары (жол жүру, тұру, тамақтану) іс жүзінде жүргізілген шығындар туралы есептерге сәйкес Басқарма Төрағасының бұйрығы бойынша өтеледі.

74. Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелеріне сыйақы Жалғыз акционердің шешімі негізінде төленеді.

75. Мемлекеттік қызметші болып табылатын Директорлар кеңесінің мүшесіне шығыстар өтелмейді, ал сыйақы төленбейді.

76. Директорлар кеңесі:

1) мүдделердің ықтимал қақтығыстарын, оның ішінде қоғам меншігін құқыққа сыйымсыз пайдалануды және мүдделілік болуына орай мәмілелер жасасу кезінде теріс пайдалануды лауазымды адамдар мен акционерлер деңгейінде қадағалауға және оларды мүмкіндігінше жоюға;

2) қоғамдағы корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға тиіс.

## 12. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру

77. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе атқарушы органның бастамасы бойынша, не:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) қоғамның ішкі аудит қызметінің;
- 3) қоғамға аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 4) Жалғыз акционердің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

78. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап директорлар кеңесінің төрағасына директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы қойылады.

79. Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен атқарушы органға жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

Бастамашы Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талапты алған сәттен бастап бес жұмыс күн ішінде Директорлар кеңесінің отырысын шақырудан бас тартқаны туралы хабардар болуы тиіс. Бұл ретте Директорлар Кеңесі төрағасының Директорлар кеңесінің отырысын шақырудан бас тарту себептері жазылған хаты бас тарту деп танылады. Көрсетілген мерзімде жазбаша хабарламаның болмауы Директорлар кеңесінің төрағасы шақыру туралы қойылған талапқа сәйкес Директорлар кеңесінің отырысын шақырғанын білдіреді.

80. Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Басқарма Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей шақыру жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

81. Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Басқарма шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.

82. Директорлар Кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама жіберу тәртібін Директорлар кеңесі айқындайды.

83. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы шақырудың бастамашысы бір мезгілде хабардар етілуге тиіс.

84. Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты қойған адамды міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

85. Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі:

- 1) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесімен;
- 2) Қоғамның ішкі аудит қызметімен;
- 3) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйыммен;
- 4) Қоғамның Жалғыз акционерімен;
- 5) Қоғам Басқармасымен (бұдан әрі – шақыру бастамашылары) әзірленеді.

86. Күн тәртібі шешімнің жобасымен бірге ұсынылады, онда мыналар қамтылуы тиіс:

1) мәселенің қысқаша мәнін көрсететін Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі мәселесінің атауы;

2) шешім қабылдау мақсатын және заңнама және/немесе шарт және/немесе Қоғам Жарғысының нормаларын көрсететін, солардың негізінде немесе іске асыру үшін шешім қабылданатын шешім кіріспесін қамтиды;

3) мәселе бойынша шешім (мысалы: бекіту..., назарға алу..., сайлау..., анықтау... және т. б.);

4) егер қабылданған шешім біржолғы сипаттағы қосымша шаралар қабылдау қажеттігіне әкеп соғатын болса, қабылданған шешімнен туындайтын шаралар қабылдау жөнінде Басқармаға тапсырма беру арқылы жүзеге асырылады.

87. Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіне күн тәртібінің мәселесі бойынша материалдар қоса берілуге тиіс, олар міндетті түрде мыналарды қамтуы тиіс:

1) егер шешім осындай бекітуді көздейтін болса, бекітілетін құжат;

2) шешім қабылдау қажеттілігін негіздей отырып, шақыру бастамашысы немесе оның өкілетті өкілі қол қойған, ескіден аспайтын парақтағы түсіндірме жазба.

88. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік үш күн бұрын ұсынылады.

89. Шешімнің жобасына байланысты материалдар ақпараттық хабарламаларды, талдамалық және маркетингтік зерттеулерді, кандидаттардың сипаттамаларын, Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге арналған ерекшеліктері бар шарттардың жобаларын және қаралуы негізделген шешім қабылдауға ықпал ететін басқа да құжаттарды қамтуы мүмкін.

90. Шешім жобасы Директорлар кеңесінің Заңда және Қоғамның Жарғысында белгіленген өз құзыретіндегі мәселелер бойынша ғана шешім қабылдауын көздеуі тиіс.

91. Жалғыз акционердің немесе Басқарманың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша шешімдер жобаларын Директорлар кеңесінің қарауына енгізуге жол берілмейді.

92. Директорлар кеңесінің төрағасы мен басқарма төрағасын қоспағанда, шақыру бастамашылары шақырылымның талап ету құқығын іске асыру кезінде күн тәртібіне осы Жарғының 94-тармағында көзделген салдарларды ескере отырып, күн тәртібінің мәселесі бойынша шешімнің жобасын және материалдарды қоса бермеуге құқылы.

93. Егер шақыру бастамашысы ұсынған күн тәртібінде Директорлар кеңесі шешімінің жобасы және Күн тәртібінің 1 мәселесі бойынша материалдар болмаған жағдайда, отырысты шақыру кейінге қалдырылуы мүмкін, бірақ шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен аспайтын мерзімге.

94. Басқарма Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды басқарманың хаттамасымен ресімдейді, оны тұрақты негізде жұмыс істейтін Басқарма хатшысы дайындайды.

95. Директорлар кеңесінің отырыстарына Қоғам Басқармасының мүшелері және басқа да шақырылған тұлғалар қатыса алады.

96. Директорлар кеңесінің мүшесі Басқармаға және Корпоративтік хатшыға оның Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны туралы алдын ала хабарлауға міндетті.

97. Директорлар кеңесі директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

98. Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

99. Директорлар кеңесінің отырысында дауыс берудің мынадай нысандары қолданылады:

1) көзбе-көз;

2) сырттай;

3) аралас.

Бұл ретте дауыс беру нысаны Директорлар кеңесінің тиісті отырысын шақыру туралы шешімде айқындалады.

100. Көзбе-көз, сырттай (оның ішінде аралас) дауыс беруді өткізген кезде осы Жарғының 101-тармағына сәйкес келетін дауыс беруге арналған бюллетеньдерді және дауыс

беруге шығарылған мәселе (мәселелер) бойынша материалдарды Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне қағаз немесе электрондық жеткізгіштерде дауыс беруді өткізу туралы талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде және директорлар кеңесінің отырысы өткізілетін күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей жібереді (таратады).

101. Бюллетенде мыналар болуы керек:

- 1) Қоғамның толық атауы;
- 2) отырысты өткізудің бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) дауыс беруге арналған бюллетеньдерді ұсынудың түпкілікті күнін қамтиды;
- 4) дауыс беруге қойылған, нақты және біржақты тұжырымдалған мәселе (мәселелер);
- 5) Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беруі үшін дауыстарды санау күні;
- 6) «иә», «жоқ», «қалыс қалдым» деген сөздермен білдірілген дауыс беру нұсқалары;
- 7) бюллетенді толтыру тәртібі бойынша түсініктемелер.

Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі Директорлар кеңесінің мүшелерінен келіп түскен бюллетеньдерді қоса бере отырып, жазбаша түрде ресімделеді.

102. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетендерге Директорлар кеңесінің мүшесінің қолы қойылуы тиіс.

103. Директорлар кеңесі мүшесінің қолы қойылмаған Бюллетень «жарамсыз» деп есептеледі.

104. Директорлар кеңесіндегі дауыс беру нәтижелеріне ықпал ету мақсатында Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелеріне дауыс беруге арналған бюллетеньдерді таңдап жіберуге тыйым салынады.

105. Директорлар кеңесінің мүшесі толтырылған бюллетеньдерді сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде белгіленген мерзімдерде Корпоративтік хатшыға тапсырады.

106. Дауыстарды санау кезінде Директорлар кеңесінің мүшесі бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасын белгілеген мәселелер бойынша дауыстар есептеледі.

107. Сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдер кворум болған кезде, белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерге сәйкес қабылданды деп танылады.

108. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуі, Корпоративтік хатшы мен Директорлар кеңесінің төрағасы қол қоюы және мөрмен бекітілуі тиіс.

Бұл ретте сырттай дауыс беру арқылы шешімнің қабылдануына негіз болған, Директорлар кеңесі мүшелерінің бірге тігілген бюллетендері сырттай отырыстың шешіміне қоса беріледі.

109. Төраға директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешіміне оны алған сәттен бастап бес күнтізбелік күн ішінде қол қоюға міндетті.

Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешіміне қол қоюдан бас тартқан жағдайларда, ол Корпоративтік хатшыға өзінің бас тартуы туралы шешімді қол қою үшін алған кезден бастап бес жұмыс күні ішінде жазбаша хабарлауға міндетті. Бұл ретте Директорлар кеңесінің төрағасы өзінің бас тарту себептерін баяндауға міндетті.

110. Директорлар кеңесі төрағасының орынсыздық себептері немесе қабылданған шешіммен келіспеуі бойынша Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешіміне қол қоюдан бас тартуға құқығы жоқ.

111. Шешім ресімделген күннен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде ол директорлар Кеңесінің мүшелеріне жіберілуге тиіс, оларға осы шешімді қабылдауға негіз болған бюллетеньдердің көшірмелері қоса беріледі.

112. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған Қоғамның Корпоративтік хатшысының қолымен және қоғам мөрінің бедерімен куәландырылған хаттама мен шешімнен үзінділер беруге міндетті.

113. Директорлар кеңесінің мүшесі отырысқа келе алмаған жағдайда, ол дауыс

беруге шығарылған, жобасымен алдын ала танысқан шешімге қатысты дауыс беруге арналған бюллетеньді беру арқылы сырттай «иә», «қарсы» немесе «қалыс қалды» деп жазбаша нысанда өз еркін білдіре алады.

114. Егер сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді бұрын жіберген Директорлар кеңесінің мүшесі қатысу және дауыс беру үшін аралас дауыс беру пайдаланылатын Директорлар кеңесінің отырысына келсе, оның Бюллетені кворумды айқындау және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыстарды санау кезінде есепке алынбайды.

115. Директорлар кеңесінің көзбе-көз тәртіппен өткізілген отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, оны отырыс өткізілген күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде отырысқа төрағалық еткен адам және корпоративтік хатшы жасауға және оған қол қоюға және онда мыналар қамтылуы тиіс:

- 1) Қоғам басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан адамдар туралы, оның ішінде сырттай дауыс беру (аралас дауыс беру) арқылы отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру қорытындылары жатады;

6) шешім қабылдау;

7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер болуы тиіс.

116. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдері қоғамның архивінде сақталады.

117. Директорлар кеңесінің бетпе-бет отырысы видеотіркеу қолданыла отырып өткізіледі, оның материалдары бір жыл бойы сақталады.

### 13. Қоғамның басқармасы

118. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты атқарушы орган – Басқарма жүзеге асырады.

Басқарма алқалы орган болып табылады және Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады. Басқарма Қоғам қызметінің Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде және қоғам жарғысында Қоғамның басқа органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

119. Басқарманың сандық құрамы, өкілеттік мерзімі, Басқарма Төрағасы мен мүшелерін сайлау Директорлар кеңесінің шешімімен айқындалады.

120. Басқарма Басқарма Төрағасынан және басқарма мүшелерінен тұрады. Басқарма төрағасы Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады.

121. Басқарма саны кемінде 3 (үш) адам болып сайланады.

122. Қоғамның қызметкерлері Басқарма мүшелері болып табылады.

123. Қоғам қызметкерлері арасынан Басқарма мүшелері оның Төрағасының ұсынуы бойынша сайланады. Директорлар кеңесінің Басқарма мүшесін сайлау туралы шешімі Жұмыс берушінің оны жұмысқа қабылдау туралы актісі болып табылады.

124. Басқарма құрамына сайланған тұлғамен еңбек шартына Қоғам атынан Басқарма төрағасы қол қояды.

Басқарма Төрағасымен еңбек шартына Директорлар кеңесінің төрағасы қол қояды.

125. Басқарманың сайланған мүшесінің өкілеттіктерін заңнамада белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесі тоқтатуы мүмкін.

126. Қоғам Басқармасы мүшесінің дауыс беру құқығын өзге адамға, оның ішінде Қоғам Басқармасының басқа мүшесіне беруіне жол берілмейді.

127. Басқарма Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

128. Егер мәміле жасалған кезде Тараптар осындай шектеулер туралы білгенін

дәлелдесе, қоғам белгілеген шектеулерді бұза отырып, басқарма жасаған мәміленің жарамдылығына қоғам дау айтуға құқылы.

129. Іс қағаздарын жүргізу үшін Басқарма Басқарма хатшысын тағайындайды. Басқарма хатшысы Қоғамның Басқарма құрамына кірмейтін қызметкерлері арасынан тағайындалуы мүмкін. Бұл жағдайда оның Басқарма мүшесінің өкілеттігі болмайды және күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға қатыспайды.

130. Басқарма мүшелерінің функциялары, құқықтары мен міндеттері заңнамамен, Қоғамның Жарғысымен, сондай-ақ олардың әрқайсысы қоғаммен жасалатын еңбек шартымен айқындалады.

131. Басқарма мүшелері өз құқықтарын жүзеге асыру және міндеттерін орындау кезінде өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындауға және Қоғам мен акционерлердің мүдделерін барынша көрсететін әдістерді пайдалануға тиіс.

132. Басқарма мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

133. Басқарма мүшелері Қоғамның мүлкін осы Жарғыға, Жалғыз акционердің және Қоғамның директорлар Кеңесінің шешімдеріне қайшы келетін мақсаттарда, сондай-ақ жеке мақсаттарда пайдаланбауға немесе пайдалануға жол бермеуге және мәмілелер жасау кезінде өзінің лауазымдық жағдайын теріс пайдаланбауға тиіс.

